

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Зайсан қаласының Арғынбек, Байзақов, Байтұрсынов, Ғабит, Жақсылықов, Молдағұлова, Марғұлан, Ноғайбай, Толепбергенов, Ш.Айманова көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қала әкімінің 2022 жылғы 4 қарашадағы №6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 қаңтарда № 8814-16 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабы 3-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2023 жылғы 13 қаңтардағы №29 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты, Зайсан қаласының Арғынбек, Байзақов, Байтұрсынов, Ғабит, Жақсылықов, Молдағұлова, Марғұлан, Ноғайбай, Толепбергенов, Ш.Айманова көшелерінде белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қала әкімінің 2022 жылғы 04 қарашадағы №6 "Зайсан қаласының Арғынбек, Байзақов, Байтұрсынов, Ғабит, Жақсылықов, Молдағұлова, Марғұлан, Ноғайбай, Толепбергенов, Ш.Айманова көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30452 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы "Зайсан қала әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген тәртіпте:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментіне мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім оның ресми жарияланғанынан кейін Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК